



Майлы рапсқа арналған Clearfield® өндірістік жүйесі
Технологияны сақтау жөніндегі BASF нұсқаулары

**ӨНІМДІ ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА ПАЙДАЛАНУШЫЛАР
ЖАУАПҚЕРШІЛІКПЕН ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ОСЫ
НҰСҚАУЛЫҚТАРМЕН ТОЛЫҚ ТАНЫСЫП, ОЛАРДЫ ҚАТАҢ САҚТАУҒА
МІНДЕТТІ.**

Жалпы ережелер

1) Майлы рапсқа арналған Clearfield өндірістік жүйесі. Clearfield OSR гербицидтерін тек қана Clearfield рапс сұрыптарында қолданыңыз.

2) Талаптарды орындау.

- Тиісті ауылшаруашылық технологиясы: әрқашан тиісті ауылшаруашылық технологиясының жергілікті ережелерін орындаңыз. Мүмкіндігінше, арамшөптермен күресудің ықпалдастырылған әдістерін қолданыңыз, мысалы, **Clearfield рапсын** егу алдында пайда болған арамшөптерді жою.
- Қолданылатын заңнама: арамшөптерді барынша тиімді бақылауға қол жеткізу үшін әрқашан гербицид жапсырмасында көрсетілген барлық қолданыстағы заңдар мен нұсқауларды орындаңыз.

Дақылдың зақымдануын болдырмау

1) Дұрыс қолданбаудың алдын алу. **Clearfield** тұқым қапшықтары мен **Clearfield** гербицидтерінде әрқашан **Clearfield** сауда белгісі бар екеніне назар аударыңыз. **Clearfield OSR** сұрыптарының атауларында әрқашан "CL" таңбасы бар.

2) В* тобының гербицидтерін қолдану (төменде көрсетілген). Дақылға елеулі зақым келтірмеу үшін **Clearfield** гербицидтеріне жатпайтын кез келген В* тобындағы гербицидтерді рапстың Clearfield сұрыптарында қолдануға **жол берілмейді**.

Арамшөптердің төзімділігін басқару

- Арамшөптердің гербицидтерге төзімділігін болдырмау және басқару бойынша әрқашан жергілікті нұсқауларды орындаңыз. Агротехникалық шараларды барынша пайдаланыңыз (ауыспалы егіс, жер жырту, арандатушылық дақылдар, кеш себу және т.б.).
- Бірнеше жыл бойы бір алқапта дәнді немесе қосжарнақты арамшөптерді бақылау үшін бір ғана әсер ету механизмін пайдалануға жол берілмейді. Ауыспалы егіс шеңберінде әртүрлі әсер ету механизмдері бар бак қоспаларын қолданыңыз немесе гербицидтерді ретімен қолданыңыз.

- Төзімді астық тұқымдас арамшөптерді бақылау үшін Clearfield гербицидтерін әрқашан бак қоспасында немесе басқа әсер ету механизмі бар басқа тиімді граминицидтермен алмастырып қолдану керек.
- Алқаптарды үнемі тексеріңіз, өңдеу тиімділігінің жеткіліксіздігінің себептерін талдаңыз.
- В тобындағы гербицидтерге арамшөптердің расталған немесе болжамды төзімділігі анықталған жағдайда, **Clearfield** өндірістік жүйесінде дақылдарды қолданар алдында BASF-тың арнайы нұсқауларын орындаңыз.

Clearfield рапсының алқаптарда қалып қойған қалдықтарымен күресу

1) Алқаптың тиісті тазалығы. **Clearfield** рапсын өсіргеннен кейін **Clearfield** рапсының қалып қойған қалдықтары егістікте және ықтимал көршілес егістіктерде әдеттегі агротехникалық әдістер нәтижесінде, сондай-ақ көршілес рапс егістіктері арасындағы айқас тозандану нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Алқаптың тиісті тазалығын әрдайым сақтау қажет, атап айтқанда:

- егістіктер арасында тұқымдарды механикалық тасымалдаудан аулақ болу;
- гербицидтермен немесе механикалық өңдеумен кейіннен жою мақсатында егін жинағаннан кейін қалып қойған қалдықтардың өнуін ынталандыру.

2) **Төзімді арамшөптердің дамуын болдырмау.** **Clearfield** қалып қойған қалдықтарын жою үшін келесілерді пайдаланыңыз: (a) В* тобына жатпайтын тиісті гербицидтер немесе (b) В* тобына жататын және В*тобына жатпайтын тиісті гербицидтердің үйлестірілуі. **Clearfield** рапсының қалып қойған қалдықтарын бақылау үшін гербицидтердің оңтайлы нұсқаларын табу үшін жергілікті **Clearfield** рапс гербицидтерінің сатушысына / дистрибьюторына немесе BASF өкіліне хабарласыңыз.

Пайдалану шарттары

Рапсқа арналған **Clearfield** өндірістік жүйесі тек осы Нұсқаулықтың ережелері шарттарында ғана беріледі. Пайдаланушының оның жалпы шарттарына кез-келген қарама-қайшы сілтемелері жарамсыз болып саналады

ЖАУАПКЕРШІЛІК

BASF SE де, оның үлестес компаниялары да пайдаланушы алдында келесілерге байланысты немесе нәтижесінде туындаған кез келген залал немесе шығын үшін жауапкершілік көтермейді: (a) **Clearfield** рапс сұрыптарында **Clearfield** жүйесіне жатпайтын В тобындағы гербицидтерді қолдану немесе (b) жоғарыда көрсетілген кез келген басқа нұсқауларды орындамау.

Барлық осындай жауапкершілікті **BASF** нақты жоққа шығарады және пайдаланушы қабылдамаған болып саналады.

* В тобындағы гербицидтер, яғни ALS ингибиторлары келесі химиялық кластарға негізделген препараттар болып табылады: имидазолинондар, пиримидиндер, сульфонамидтер, сульфонилмочевиналар, триазолопиримидиндер. Гербицидтер топтары туралы қосымша ақпарат алу үшін сайтты қараңыз
<http://www.hracglobal.com/Publications/ClassificationofHerbicideSiteofAction.aspx>